



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

Солтаншарив Тумаржан

talisman_jan_90@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Халықаралық қатынастар факультеті

«Түркітану» мамандығының II-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі - С.Ж. Тажибаева, ф.ғ.д. профессор

Зат ұғымы уақыт өте келе өзгеріп, дамып отыратындықтан, бір кездері белгісіздік мәнінде қолданылған зат уақыт өте келе белгілілік сипат алады. Қазіргі уақытта бұл категория саласына тек формальді көрсеткіштер – артикльдер ғана емес, сонымен қатар, тілдік бірліктер, И.И Ревзин көрсетіп кеткендей коммуникативтік – есімдіктер, сын есімдер, сипаттама құрылымдар, ерекше түрдегі бағыныңқы сөйлемдер, просодиялық құралдар және т.б. да қосыла бастады. [1,127].

Белгілілік пен белгісіздік мәндерін өзара салыстыра келіп, Н.А.Сәрсембаева: «Белгісіздік категориясы белгілілік категориясына қарағанда өзінің нақтылығы мен тілдік құралдарының ауқымдылығымен ерекшеленеді. Өйткені оның мазмұндылығы белгілілікпен салыстырғанда мазмұндық түрленуі, модальдылығы күрделілеу. Ол көп аспектілі, объективтік, барабарлық, дәлдік, нақтылық, білім, танысу, танымдылық, біліктілік және т.б. сияқты белгілермен, семантикалық категориялармен өзара байланыста, ара атыста», – дейді [2,44].

Мәтінде алғаш рет сөз болған нәрсе белгісіздік сипат алады. Бұл сөздің мәтінде бірінші рет қолданылуы ағылшын тіліндегі «a/an» артиклінің көмегімен берілгені сияқты, түрк тілдерінде белгісіздік категориясы көбінесе *бір* сөзінің көмегімен көрсетіледі. *Бір* бірнеше мағынаны білдіреді – жаттықты «басқа», «бөтен», жекелікті «жалғыз, жеке», бірлікті «бірыңғай, жалпы, ортақ», белгілікті «дәл сол, тап осы», белгісіздікті «әлдекім, әлдене» және тепе-теңдікті «дәл сол сияқты,бірдей». Бұл лексеманың мағынасы жалпылылықтың және абстрактылықтың жоғары дәрежесімен сипатталады. Мысалы: *Менің бір танысым бар*.

Ғалымдардың арасында «бір» сан есімінің белгісіздік артиклі болып саналатынына ортақ көзқарас жоқ. Дегенмен де бірнеше ғалымдардың еңбегінде «бір» сан есімінің белгісіз мағынаны білдіретіні жайында пікірлер жазылған. А.Н. Кононов түркі тілінің грамматикасында мәтіндерді негізге ала отыра жүргізілген зерттеуінде белгілік категориясын қарастырған. [3,174] Бұл еңбекте белгілік артиклі түрк тілінде үшінші жақтағы өздік жұрнағымен көрініс табатынын айтады. Ғалымның пікірі бойынша «бір» лексемасы белгісіздік артиклінің қызметін атқарады.

Ал Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі руникалық жазбалардағы белгілілік/белгісіздік категориясы жайында пікір қалдырған ғалымдардың бірі И.В. Кормушин. Ғалымның пайымдауы бойынша, Орхон-Енисей жазба тілінде белгілілік/белгісіздік категориясын жүйелі түрде байқау қиын. Ол бұл жайында былай дейді: «Әдетте бұл категорияның көрінуі табыс септігіндегі (белгісіз толықтауыш атау септігінде тұрады) толықтауыштың өзектелуі (актуалдануы) арқылы жүреді және өзектелмеген есімдердің «біреу, әлдебіреу» мағынасындағы *bir* сөзінен кейін келуімен жасалады. Алайда ескерткіш мәтініндегі табыс септік пен *bir* сөзінің аталған позициядағы қолданысы мынадай семантикалық жайлардан шығады: табыс септігі етістіктің қимылдың зат немесе кеңістікті толық меңгеруін білдіреді және ол заттар бұрыннан белгілі танымал болады; *bir* сөзі мәтіндегі өзектелмеген заттың белгісіздігін емес, заттар тобының өкілі ретіндегі белгісіздікті білдіреді» [4,127-128]. Мысалы: *edgü : bilge : kişig : edgü : alip kişig : jorutmaz : ermis : bir kişi : yañılса - ugi: білікті: кісіні: ugi: алып кісіні: жорытпас: екен: бір кісі жаңылса:*. Бұл жерде *бір кісі* сөзі белгісіздік категориясын білдіріп тұр. Профессор М.Балақаев осы жайында түркі тілдеріндегі белгілілік/белгісіздік категориясының зерттелуіне шолу жасай келіп:

«Различный подход к объяснению категории определенности и неопределенности в тюркских языках говорит о шаткости основы этой «категории». Понятие «определенность и неопределенность» вообще, выражение его указательными местоимениями и числительным *bir* (один), в частности, хотя в тюркских языках имеются, но не подкреплены определенными системами последовательного выражения. А оформленность и неоформленность падежей служат вариантами контактирования слов в разных позициях и значениях», – дейді [5,11].

Түрк тілдерінде бірыңғай формальды грамматикалық көрсеткіштің жоқтығына байланысты бұл категорияның бар болуы жайында қазіргі уақытта бірыңғай көзқарас жоқ. Белгілік/белгісіздік категориясының формальды көрсеткіштері сияқты артикльдердің болуы ғана талассыз және дәстүрлі болып саналады.

Кейінгі түрк тілдерінде зат есімдердің белгілік/белгісіздік категориясы анық грамматикалық мағынаны білдіреді. Түрк тілдеріндегі белгісіздік категориялары бір-біріне ұқсастау болып келетін белгісіздік есімдіктермен де беріледі. Ә.Н.Нұрмаханова түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын зерттеп, белгісіздік есімдіктері жайында: «Белгісіздік қарақалпақ тілінде *гуман алмасығы*, қырғыз тілінде *белгисиз ат атоочтор*, өзбек тілінде *гумон олмоши*, ұйғыр тілінде *балгусизлик алмашилири*, түрікмен тілінде *намалим чолышма* деп аталады. Аталған түрк тілдерінде анық болмаған көмескі заттар мен олардың белгілерін, амал-әрекетін ашып айта алмағанда белгісіздік есімдері қолданылады.», – деп жазды [6,101].

Белгісіздік категориясын білдіретін негізгі құралдардың бірі болып белгісіздік есімдігі саналады. Бұл затты немесе оның қасиетін нақты көрсете алмайтын, белгісіздігін, беймәлімділігін білдіретін есімдік. Түрк тілдерінде мұндай есімдіктер және үстеулер тобы құрамының түрлері көп. Осы түрк тілдерінің ішінде қазақ, қырғыз, қарақалпақ тілдерін салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, қазақ тілінде белгісіздік есімдіктерін жасауда *бір*, *әр*, *әлде* деген үш сөз ұйтқы ретінде қызмет атқарады. Осы сөздер басқа есімдіктермен бірігуі арқылы белгісіздік есімдігін жасайды. Бір сөзінің қосылуымен - *біреу*, *кейбіреу*, *кейбір*, *қайсыбір*, *әрбір*, *бірнеше*, *бірдеме*; *әр* сөзінің қосылуымен - *әркім*, *әрне*, *әрқайсы*, *әрқалай*; *әлде* сөзінің қосылуымен – *әлдекім*, *әлдене*, *әлдеқайдан*, *әлденеше*, *әлдеқалай*, *әлдеқашан*. Мысалы: *Басқа әңгімені қойып, әрқайсысы дайындыққа кірісе бастады. Біреулер жаңа келіп жүгін түсіріп, біреулер шаңырақтарын көтеріп жатыр* (Ғ. М., 1952, 394 б.).

Жоғарыда аталған есімдіктермен қатар дәл осы қызметте кейде сұрау есімдіктерінің формасына ұқсас есімдіктер жұмсалады.

Қарақалпақ тілін алып қарар болсақ, бұл тіл қазақ тіліне жақынырақ болғандықтан, бұл тілде де *бир* сөзінің қосылуымен: *биреу*, *гейпара*, *бир нәрсе*, *бир неше*, *бир қаниша*, *бир қашан*, *қалай болса да*, *не болса да* т.б. жасалады. Мысалы: *Дурыс, гәрезсизликке ерискенимизден кейин бизиң елимизде әсирлерге татырлық, келешекте бир неше әуләд тилинде дәстан болатуғын жетискенликлерге ерисилди.* [Б.Т. kkreporter.blogspot.com, 2010.]

Қырғыз тілінде де қазақ және қарақалпақ тілдеріндегідей белгісіздік есімдіктері көбінде *бир*-дің көмегімен көрініс табады. Сонымен қатар сұрау есімдіктеріне -дыр аффиксі және алда деген сөздің қосылуы арқылы жасалады: *алда ким*, *кимдир бирөө*, *бир нерсе*, *бир де*, *кандайдыр бир*, *кээбир*, *кай бир*, *кайсы бир*, *алда кандай*. Мысалы: *Эми Бүбү Мариям дагы бир нерсеге: медитация дүйнөсүнө аралашкандан берки дээрлик төрт жылдын ичинде, медитация маалында эң алгач ирет өзүнө келгендигине, ошол учурдагы окуяларды эстеп калгандыгына таңгалды* [К.Ж. 2007, 96].

Ал өзбек тілінде белгісіздік есімдігі кұман есімдігі деген атпен араласып келеді де, аталған түрк тілдеріндегідей *бир* сөзінің тіркесуімен: *бир неча* және т.б. Сонымен қатар: 1) алла есімдігінің қосылуымен - *аллаким*, *алақандай*, *алланима*, *алланечук*, *алланарса* т.б. 2) – *дир жалғауының* қосылуымен - *кимдир*, *нимадир*, *кандайдир*, *нечундир* т.б. Мысалы: *Урхон-енисей едгорликлари бир неча Европа тиллари рус, турк,узбек ва бошқа тилларга таржима қилинди* [Н.М. 1965, 746].

Біз қарастырған белгісіздік есімдіктері осы түрк тілдерінің бәрінде жоғарыда көрсетілгендей **бір** сөзінің көмегімен бейнеленеді.

Белгісіздік категориясы сөйлесушілердің зат туралы түсінігі әртүрлі екендігін білдіреді: сөйлеуші тыңдаушыға бейтаныс нақты затты салыстыруға келетін басқа заттардың ешқайсысымен теңестірмей, белгісіз мәнде жұмсайды. Осылайша, белгісіздік мәнді білдіру үшін заттың өзіндік болмысы, қызметі негіз болады. Бұл категория ұғымдық категория болып саналады. Оның кез келген тілде өзіндік берілу тәсілі бар. Ол әр түрлі тілдік (артиклъ, есімдік, сөздердің орын тәртібі, сан есім және т.б.) және тілдік емес (мимика, ым) құралдардың көмегімен зат есімге белгілік/белгісіздік реңін беру үшін қызмет етеді.

Түрк тілдеріндегі белгілілік/белгісіздік категориясының құрылымы өте күрделі. Ол морфологиялық, синтаксистік, лексикалық құралдар арқылы беріледі. Белгілілік/белгісіздік категориясының лексикалық жолмен берілуі грамматикалық құралдармен тығыз байланысты. Түрк тілдерінде белгісіздік бірнеше жолмен беріледі. Біріншіден, белгісіздік синтактикалық жолмен беріледі. Жекелік мәнде зат есімнің *бір* сөзімен байланысы жоғарыда көрсетілгендей біреу, кейбір, әлдебіреу болып қолданылады. Мысалы: *бір кісі келді* т.с.с. Бұл жерде *бір* сөзі есептік сан есімдегі *бір* сөзінен тұлғасымен айрықшаланады. Осы жағдайда жалпы түрк сан есімінің екі пішіні толық сараланады: есептік сан есім *бір* формасы негізінде белгісіз артиклъдің мағынасы бекітіледі. Көптік мәнде белгісіздік түбірге –лер аффиксі жалғануы арқылы жасалады.

Екіншіден белгісіздік морфологиялық жолмен беріледі, объектілік және өздік қарым-қатынастар негізгі септік арқылы жасалады, анығырақ айтқанда, рәсімделмеген табыс және ілік септіктері құрылымдары. Бұл жайында өз заманында Н.К. Дмитриев көрсетіп кеткен. Ол белгілілік/белгісіздікті дербес категория ретінде танып, оның ерекшелігі туралы былай дейді: «Если обозначаемое именем явление было предметом нашего опыта и, таким образом, известно нам, такое имя считается грамматическим определенным и в функции прямого дополнения употребляется с показателем винительного падежа. Если предмет нам сообщается впервые и мы о нем до этого ничего не знали, то предмет считается грамматически неопределенным и в функции прямого дополнения не получает показателя винительного падежа». Ғалым белгілілік/белгісіздік категориясын жекелік/көптік категорияларымен байланыстырып, **бұ ат (жеке), бұ атлар (көптік), бир ат (жеке, белгісіздік), ат (көптік, белгісіздік)** деп көрсетеді [7,172].

Сонымен қатар, заттың нақты көлемі белгісіз әрекетті қамтыған кезде, белгісіздік грамматикалық тұрғыда жеке септікпен беріледі. Табыс септік тұлғалы сөздер мен ілік септік тұлғалы сөздердегі септік жалғауларының жасырын келуі белгісіз мағынаны білдіреді. Осыған байланысты ғалым Ы.Маманов белгілілік/белгісіздік категориясының танылуын *Ауыл сыртында* мен *ауылдың сыртында* деген құрылым арқылы сөз ете келіп, бір-бірінен өзгешелігі бар екенін айдады. Ілік септігінің арнайы айтылмауы заттың, нәрсенің жалпылама екенін байқатса, *ауылдың сыртында* деген құрылым белгілі бір ауылды, нақты бір ауылды білдіреді [8,18].

Қорыта келгенде, белгісіздік категориясын зерттеу барысында нақты қызметке жұмсалған түрлі тілдік құралдарды жүйе ретінде алып, түркі тілдерінің категориясын қарастырдық. Белгісіздік категориясының ортақ мәндерін анықтау барысында олардың тілдегі көрінісі, берілу жолдары, олардың нақтылық, көптік, тұтастық, жинақтау, жалпылау т.с.с. мәндері айқындалды.

Қолданылған дереккөздер тізімі

1. Ревзин И.И. Некоторые средства выражения противопоставления по определенности в современном русском языке. [Текст] / И.И. Ревзин // Проблемы грамматического моделирования – М.: Наука, 1973. С. 121-137
2. Сәрсембаева Н.А. Артиклъді және артиклъсіз тілдердегі белгілілік/белгісіздік категориясы. - Алматы: "Арыс" баспасы, 2006. - 288 бет.

3. Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка, М.: Изд-ство Академия Наук, 1956. - 452 с.
4. «Әлем тілдері» сериясы. Түркі тілдері. Энциклопедиялық басылым. – Астана: «Фолиант», 2002. – 700 б.
5. Балакаев М. К. истории изучения определенности-неопределенности в тюркских языках //ҚазССР ҒА Хабарлары Филология сериясы 1976. №2. 3-12-бб.
6. Нұрмаханова Ә.Н. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. Алматы, 1971
7. Дмитриев Н.К. Строй турецкого языка М., 1939; с.3.
8. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. –Алматы: "Арыс", 2007. –488 б.

ӘОЖ 811.517.1:725.94

"ТӨРЕ БІТІГІ" ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ ТҮРКІ СӨЗДЕРІНІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ПАРАДИГМАТИКАЛЫҚ ТОПТАРЫ

Төребекова Сәуле Мақсұтқызы

saule_torebekova@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Түрктану кафедрасының оқытушысы

Ғылыми жетекшісі - Н.Ғ. Шаймердинова

Қыпшақ тілдерінің, оның ішінде, қазақ тілінің тарихи даму кезеңдерінің орта ғасырлық ерекшеліктері мен тілдік даму деңгейін айқындайтын құнды жазба мұралардың бірі – армян-қыпшақ ескерткіштері.

Орта ғасырлардағы қыпшақ жазба ескерткіштері қазақтың құқықтық тарихын зерттеудің қосымша көзі болып табылады. Осы салада көлемі жағынан аса зор армян жазуымен 1519-1689 жылдары жазылған төрелер жинағын, іс жүргізу кодексін, кәсіптік және қоғамдық ұйымдардың жарғыларын, діни және азаматтық, өзін-өзі басқару актілерін қамтитын заңи ескерткіштердің маңызы ерекше құнды. Осы ескерткіштердің арасындағы маңыздысы 1519 жылы армян тілінен латын тіліне аударылып, поляк королі бекіткен, содан кейін Львов қыпшақ тілінде сөйлейтін армяндардың ана тіліне аударылған заңдар жинағы - «Төре бітігі» болып саналады. Бұл кітап мемлекет билігіне, өзге де құқықтарға және сот ісіне қатысты әр түрлі құқықтық қатынастарды реттеген 124 баптан тұратын «Төре бітігі» және «Іс жүргізу кодексіне» арналған 99 қосымша баптан тұрады. Осы ретте ортағасырлық жазба мұрағаттарды зерттеп, сол ортақ мұралардағы тілдік деректер арқылы түркі тамырлас халықтардың дүниетанымын, ділін көрсету ұлтымыздың, тіліміздің даму тарихын танытады. Қазіргі қазақ тілі мен «Төре бітігі» армян-қыпшақ жазба ескерткіші тілінің арасындағы тарихи сабақтастықты түрлі қырынан зерттеп, негізгі даму, қалыптасу, бір жүйеге түсу ерекшеліктерін нақтылау, тиянақтау, тарихи құндылықтарын анықтау негізінде талданатын болғасын да қазіргі түркітану, қыпшақтану саласындағы өзекті тақырыптардың бірі. Армян-қыпшақ ескерткіштерін жариялауда Г. Алишан, Ж. Дени, Э. Шютц, Э. Трыяски, И. Вашари, М. Левицкий, Р. Кон және т.б. шет ел ғалымдарымен қатар, бұрынғы Кеңестер Одағында Т.И. Грунин, А.Н. Гаркавец [1,2], И. Абдуллин, Я.Р. Дашкевич [3] сияқты ғалымдар көп еңбек сіңірді. Сонымен қатар, қыпшақ өркениеті мен мәдениетінің негізгі орталығы Қазақстан аумағы болғандықтан, осы бағыттағы зерттеу жұмыстары М. Б. Сабыр, С. Ж. Дүйсен, С. Құдасов [4], Б. Сүйерқұл, М.Ә. Жүнісова, Е.З. Есбосынов, Ә. Ташауов және т.б.

«Төре бітігі» ескерткіші тілінде де дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары әр басқа сөздер кездеседі.

Ғ. Қалиев пен Ә. Болғанбаев қазақ тіліндегі омонимдердің жасалуының амал-тәсілдері мен негізгі жолдарын былай бөліп көрсетеді. 1. Тілдегі көп мағыналы сөздердің есебінен сөздің семантикалық жақтан дамуы арқылы келіп шыққан омонимдер; 2. Сөздердің фонетикалық өзгерістерге ұшырап, дыбыстық құрамы жағынан бірдейлесуі арқылы жасалған омонимдер; 3. Аффикстер жалғану арқылы жасалған туынды омонимдер; 4. Өзге тілдерден